	сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. **2. Көркем әдебиет** **«**Қарлығаш пен Дәуіт» ертегісі **Міндеті:**Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру **3.Қоршаған әлеммен таныстыру** Қарапайым экологиялық ұғымдар. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері. **Міндеті:** Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін	құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу **3. Қазақ тілі** Байланыстырып сөйлеу **Міндеті:** Ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. **4. Музыка** «Атамекен, ақ мекен» **Міндеті:** **Музыка.** Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру **Тыңдау.** Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау	арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. **3. Жапсыру / сурет салу / мүсіндеу / құрастыру** **Міндеті:** **Жапсыру.** Шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. **Сурет салу.** Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. **Мүсіндеу.** Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен	балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. **3. Көркем әдебиет** К. Жұмағалиев «Жеңіс күні» **Міндеті:** Жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. **4. Дене тәрбиесі** «Бадбинтон ойыны» **Міндеті:** заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру	

	сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). **4. Дене тәрбиесі** «Заттардың арасымен еңбектеу» **Міндеті:** бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. Спорттық ойындар. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-	**Ән айту.** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру**.** **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру **Билер** Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау **Би шығармашылықты** Музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау** Таныс әуендерді жеке орындауға үйретуру**.**	түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Құрастыру.** Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.**4. Дене тәрбиесі** «Заттардың арасымен еңбектеу» **Міндеті**: бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. Спорттық ойындар. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру,	Спорттық ойындар: Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.	

	қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.		балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.		
2-ші таңғы ас	Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту..				
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.				
Серуен	**Ұяларды бақылау. (карта №20)** Балаларға көктемде көптеген құстар ұя салатынын айту, ірақ ұя құсқа үй болмайтынын естеріне салу. Ұя жұмыртқа салу,оны басу және балапандарын өсіру үшін қажет. **Көркем сөз** **Жұмбақ** Тал басында Түндіксіз отау (құстың ұясы) Болжам Егер жыл құстары	**Суда жүзетін құстарды бақылау. (карта №21)** Балалардың назарын өзендегі мұз кетпесе де шағалалардың ұшып келгеніне назарын аудару. Одан кейін жабайы үйректер де ұшып келеді. **Көркем сөз** **Мақал** Құстың күші-қанатында, Адам күші-достықта. **Тақпақ** Баласын ертіп соңынан Сүңгіп,жүзіп үйретті Су жұқпайтын тонына	**Жәндіктерді бақылау(қызылқоңы, жазғытұрғы қоңыз, солдатиктер, маса) (карта №22)** Балалардың жәндіктердің тіршілік орны,қозғалу тәсілдері және сыртқы түрлерінің ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау. **Көркем сөз** **Жұмбақ** Шидім,шидім,шидім құс Ши басына қонған құс Қарқаралы қара құс Хан басына қонған құс	**Улы өсімдіктерді бақылау(жабайы итмұрын, меңдуана) (карта №23)** Балаларға улы өсімдіктер туралы түсінік беру. Бұл өсімдіктер барлық жерде өсуі мүмкін:жол жиегінде;сурет және белгілері,тәрбиеші суреттемесі бойынша өсімдіктерді айыра алуға үйретуді жалғастыру. **Көркем сөз** Тақпақ Итмұрындар самсаған,	

	ұясын ағаштың күн жағына салса-суық жазға,ал көлеңке жаққа-жылыға. Егер қарға ағашқа ұясын төмен салса-үлкен су тасқынына, жоғары- күшті су тасқынына. Егер ұзақ құсы ұясын реттеуге асықпаса-жылы күндерді күту ерте болады. Тақапақ «Ұя» Ұя жасап тақтайдан Талға апарып байладым Жыл құсының шаттанған Күттім қашан сайрауын **Қимылды ойын:** **«**Ұшу» Сапқа тұру біліктіліктерін бекіту; ойынның шартын орындап бір аяқтан екінші аяққа секіру. Ойынға барлық балалардың қатысуын қамтамасыз ету. **Еңбек іс-әрекеті** Құстарға ұя жасауға көмектесу. **Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама.**	Кім білмейді үйректі Болжам Егер жабайы үйректер күндіз қопа жағалауына кетсе-жаңбырға не желге. **Қимылды ойын:** «Үйрек» Алаң бойында қозғалыста жүріп белгі бойынша «ұяға кіру» алаңқайдағы бар балалар үйрек болып жеңіл ұшып жүреді. **Еңбек іс-әрекеті** Суда жүзуші құстарды көпірде тұрып тамақтандыру. Жем мен өсімдік тұқымдарын жемдеу үшін алдын ала дайындау.Суда жүзуші құстарға өз бетімен жем беру әдеттерін тәрбиелеу, **Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама.** «Кімге не дәмді?» Суретке қарап әр құстың тамағын тауып,көрсету. Шағала-балық,үйрек-балдыр,көккұтан-бақа,торғай-жем,жапалақ-тышқан және т.б	(шыбын) Болжам Ауа райы бұзыларда қоңыздар ызылдайды, егер қатты ызылдаса-ашық жылы ауа райына. Маса жарыққа қарай ұшса-суыққа. Тақпақ **Қимылды ойын:** «Көбелектер, бақалар,көккұтан» Алаңқайда қолдарын жоғары-төмен қозғалыста көбелек болып айналу дағдыларын пысықтау; төрт тағандап секіру-бақа,бір аяқпен тепе-теңдіті сақтап тұру-көккұтан. Тепе-теңдікті сақтап кеңістікте қозғалыс үйлестігін жетілдіру. **Еңбек іс-әрекеті** Гүлдің өсіндісін құмыраға отырғызу. Тәрбиешінің тапсырмасын орындау дағдыларын пысықтау. Бастаған істерін аяқтау, жұмыс істеу ниеттерін тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама.** «Төртінші артық» Балалардың топтау,	Қызыл гүлдей жайнайды Аузыңа оны салсаң-ақ Үйірер тіл, таңдайды **Қимылды ойын:** «Көтермек»(қазақ ұлттық ойыны) Балалардың күшін,шыдамдылығын дамыту.(ойыншылар шынтақтарын қоса бір-біріне сүйене бір-бірін көтеруге тырысады).Жарысқа қызуғышылықтарын қолдау. **Еңбек іс-әрекеті** Арам шөптерді жұлу Арам шөптер туралы түсініктерін кеңейту(қалуел,алабота ,бидайық және т.б);шөпті отау(екпе шөпке кедергі жасамау,жарықты және ылғалды алмау үшін).Бастаған істерін аяқтау дағдыларын тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын. Тәжірибе және сараптама** «Кім зерделі?» Өз ойларының қателігін таба білуге үйретуді	

	Тәжірибе. «Құстардың қанаттарының құрылысы қандай?» Құстың қанатын анықтап қарау(желпуіші бекітілген негіз) ,(қанат жеңіл,өйткені негіздің ортасы бос) олар неге ақырын ұшып түседі? Құс қанатын қаққанда не болады?(қанат жеңіл,серіппелі,қалықтай ұшады) **Жеке жұмыс:** гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өтуге үйретуді жалғастыру; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу. **Өз бетімен іс-әрекет** Балаларға ойынға керек құрылыстарды салуға үйретуді жалғастыру. (үй,кеме және т.б) Ойын барысында табиғи заттарды қолдану. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,**	**Тәжірибе.** «Суда жүзетін құстардың тұмсығы неге осындай?» Құстардың тіршілігі мен құрылысы арасындағы байланысты анықтау. Қорытынды. Үйректердің, қаздардың және аққулардың тұмсығы жалпақ,ұзынша болады:ол жемін ұстап алуға, сүзгіден өткізуге, суда өзжемін табуға көмектеседі. **Жеке жұмыс:** гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өтуге үйретуді жалғастыру **Өз бетімен іс-әрекет** Ойын таңдау барысында балалардың дербестігін дамыту. Ойынның мазмұнын құруда және барысында белсенділікті тәрбиелеу. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	салыстыру, қорытындылау дағдыларын дамыту; жәндіктер туралы білімін пысықтау. **Жеке жұмыс:** гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өтуге, қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу **Өз бетімен іс-әрекет** Балалардың ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынасын,өз іс-әрекеттерін және қылықтарын көрсете білу, өз ойын,көзқарасын,мүддесін қорғай алу;құрдастарының ұсыныстары мен келіспеушілігін сыпайы түрде көрсету біліктіліктерін арттыру. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	жалғастыру.Улы өсімдіктер туралы білімдерін бекіту.(Мысалы:меңдуананың гүлдері сары,ал жабайы итмұрынның гүлі-кішкентай.Інжугүлдің жапырағы жалпақ,ал алқанекі жасыл. Жабайы итмұрынның тұқымы домалақ,ал алқанекі қара және т.с.с) **Жеке жұмыс:** гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өтуге, қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу **Өз бетімен іс-әрекет (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	

	қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету.				
Түскі ас	Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. **Бата беру** Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! **Ойын- жаттығу:** Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Бастарыңа амандық берсін!				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). **Ұйқыдан кейінгі жаттығулар** **№ 1** **Керуеттегі жаттығулар** Ояну Ояну үшін тезірек Бойымызды созамыз Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз. Бойды түзе, көтер басты Сергіп оян сен енді.				

	Көжектерім тұрыңдар, Жаттығуды бастайық Шынығайық тұрайық. Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды Бес дегенде секір көрсет бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз. **Керует жанындағы жаттығулар** Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық. - Б. қ .қол белде: басты оңға, солға, алға, артқа бұру. - Б. қ. кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. - Б. қ. оң жаққа және сол жаққа бұрылу. - Б. қ.: қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу. Бір орында жүру, ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығады. **Шынықтыру шарасы.** Көжектер серуенге шықты. Бір – екі, бір – екі Аяғымыз жүреді Ілгектермен, тастармен Әдемі ирек жолдармен Табанға массаж жасайды. **Демалуды қалыпқа келтіру** Міне, бүгін ойнадық Ойнадық та, ойладық. Көжектерше жүгіріп, Жаттығулар жасадық. Бүгін жаттығу жаңаша Қалмадық біз оңаша Біздің балабақшада
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау).Таза және ұқыпты тамақтану.

	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Зерттеу іс-әрекеті**: **«**Құм қасиеттері» **Міндеті:** Қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс- әрекеті)** **Ұлттық ойын:** **«**Ханталапай» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене тәрбиесі**)**	**Ұлттық ойын:** **«**Жүзік жасырмақ» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене тәрбиесі**)** **Әңгімелесу:** «Табиғат» **Міндеті:** Қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс- әрекеті)** **Бейнелеу іс -әрекеті** «Ертегі әлемі» **Міндеті:** Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: ертегілердің желісін жеткізе білуін жетілдіру. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-**	**Зерттеу іс-әрекеті**: **«**Топырақ қасиеттері» **Міндеті:** Қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс- әрекеті)** **Ұлттық ойын:** **«**Аударыспақ» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене тәрбиесі**)**	**Ұлттық ойын:** **«**Әткеншек» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене тәрбиесі**)** **Әңгіме:**»Ағаштар» **Міндеті:** Қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту ағаштар туралы әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Бейнелеу іс -әрекеті** «Көктем» **Міндеті:** Сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-**	

		әрекеті)		**әрекеті)**	
Балалармен жеке жұмыс	**Коммуникативтік дағдылар:** Сурет бойынша әңгімелесу **Міндеті:** зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтуға үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** *Р. Әміре*	**Коммуникативтік дағдылар:** «Түлкі мен қоян»» ертегісін мазмұндау **Міндеті:** тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен, жүйелі түрде жеткізуге үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** *С. Жәнгір*	**Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті** : «Білезік» мүсіндеу **Міндеті:** зергерлік бұйымдарын мүсіндеуге және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіруге үйретуді жалғастыру **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** *Б. Нығымет*	**Коммуникативтік дағдылар:** Әңгіме құрастыру **Міндеті:** бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыруды үйрету **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** *С. Мади*	
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою				
Серуен	**Ұяларды бақылау. (карта №20)** Балаларға көктемде көптеген құстар ұя салатынын айту,бірақ ұя құсқа үй болмайтынын естеріне салу. Ұя жұмыртқа салу,оны басу және балапандарын өсіру үшін қажет. Құстарға биік шөптер, ағаштың басы пана бола алады. Ұя жасау үшін құстардың қандай	**Суда жүзетін құстардыбақылау. (карта №21)** Балалардың назарын өзендегі мұз кетпесе де шағалалардың ұшып келгеніне назарын аудару. Одан кейін жабайы үйректер де ұшып келеді. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**Жәндіктерді бақылау (қызылқоңыз, жазғытұрғы қоңыз, солдатиктер, маса)** **(карта №22)** Балалардың жәндіктердің тіршілік орны,қозғалу тәсілдері және сыртқы түрлерінің ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау; Сараптама жасауға үйрету.Себеп-салдарлы байланыстарын анықтау,қорытынды	**Улы өсімдіктерді бақылау (жабайы итмұрын, меңдуана) (карта №23)** Балаларға улы өсімдіктер туралы түсінік беру. Бұл өсімдіктер барлық жерде өсуі мүмкін:жол жиегінде;сурет және белгілері,тәрбиеші суреттемесі бойынша өсімдіктерді айыра алуға үйрету. Меңдуананың сабағы	

	материал қолданатынын бақылау. (қауырсындар, жүн шүйкесі,бұтақшалар және т.б). **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**		жасау,байқампаздықтарын , қызығушылықтарын дамыту. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	жуан,тарам-тарам,жабысқақ, талшықтары жағымсыз иісті, гүлдері сарғыш көгілдір жиектерімен;жаз бойы гүлдейді. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. **Сөздік минимум:**шалбар,көйлек,жейде,кеудеше,жемпір. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қазақ тілі***** Серуендеп келдік біз, Таза ауа жұттық біз. Киімімізді шешіп ап, Топқа кірдік тыныш біз.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары	**Жоба: «**Кел, балалар, оқылық» **Тыйым сөздермен таныстыру** **Міндеті:** Тыйым сөздерді үйрету арқылы әдептілікке тәрбиелеу, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету. **(қарым-қатынас іс әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Дидактикалық ойын:**	**Жоба: «**Кел, балалар, оқылық» **Дидактикалық ойын:** "Неліктен болмайды?" **Міндеті:** тыйым сөздерге қызығушылығын оятып, тыйымның мәнін түсіндіру **Мысалдар:** Тыйым: "Босағаны керме, босағаға тұрма." **Шешімі:** Босаға — үйдің берекесі саналады.	**Жоба: «**Кел, балалар, оқылық» Қазақ халық ертегілердің суреттерін қарастыру **Міндеті:** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. **(қарым-қатынас іс әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Дидактикалық ойын:**	**Жоба: «**Кел, балалар, оқылық» Алдар көсе туралы ертегілерін оқу, мазмұндау **Міндеті:** әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. **(қарым-қатынас іс әрекеті)**	

	«Пайдалы және зиянды тағамдар» **Міндеті:** Көшеден немесе жерден тапқан затты жеуге болмайтынын ұғындыру. .	Сондай-ақ, есік алдында тұру қонақтың жолын бөгейді және үй ішіндегі жылуды сыртқа шығарады. Тыйым: "Малды басынан ұрма." Шешімі: Мал — ырыс-несібе. Малды қорлау — бақ-берекені қашырады деп есептелген. Әрі бұл жануарға деген жанашырлықты үйретеді. **(қарым-қатынас іс әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Сөздік ойын:** «Дұрыс па, бұрыс па?» **ойыны?** **Міндеті:** Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету	«Бағдаршам не дейді?» **Міндеті**: Бағдаршам түстерін ажырату және жол ережесін сақтауды үйрету. **Ойын барысы:** – Балалар, бағдаршамның түстері нені білдіреді? **Ереже:** Қызыл – тоқта Сары – дайындал Жасыл – жүр Балалар түске сәйкес қимыл жасайды (тоқтайды, қол шапалақтайды, жүреді)	**Қауіпсіздік сабағы:** **Дидактикалық ойын:** «Бағдаршам және жүргізушілер» **Міндеті:** Бағдаршам түстерін ажырату және жол ережесін сақтауды үйрету.	
Балалардың үйге қайтуы	«Балаңызды үй шаруасына араластырасыз ба?» атты сауалнама.	Баяндама. «Баланың дамуы мен тәрбиесінде күн тәртібінің маңызы»	Қауіпсіздік ережелері туралы ұсыныстар айту	Құстарға жемсалғыш жасауды ұсыну.	

Дидактикалық ойындар:

1 апта
«Кім сені шақырды, тап»
Міндеті: Сөйлеуде дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуге, интонациялық мәнерлілікті қолдануға үйрету.
Ережесі: Бір баланың көзі жұмылады немесе теріс қарап тұрады. Басқа бір бала оның атын атап шақырады. Ортадағы бала дауысынан кімнің шақырғанын тануы керек

«Заттардың бірнеше тең бөліктері»
Міндеті: Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлуді, бүтін мен бөлікті салыстыруды, 8-10 бөліктен пішіндерді жинап, құрастыруды үйрету.
Ережесі: Балаларға берілген пішінді немесе қағазды бірнеше бөлікке бөлу тапсырылады. Содан кейін олар бөліктерден қайтадан бүтін зат құрастыруы керек.

«Сөзді есіңе сақта»
Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.
Ережесі: Тәрбиеші айтқан сөздерді балалар есте сақтап, кейін олардың мағынасын түсіндіріп немесе қайталап айтып беруі қажет.

«Қайтала»
Міндеті: Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды (ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h) дұрыс айтуға дағдыландыру.
Ережесі: Тәрбиеші қиын дыбыстары бар сөздерді айтады, балалар оны есту арқылы дәлме-дәл және таза дыбыстап қайталауы керек.

«Заттарды орналастыр»
Міндеті: Сөйлеуде белгілі бір заттың басқа затқа қатысты орнын (үстінде, астында, жанында т.б.) көрсете білуге үйрету.

«Жолды тап»
Міндеті: Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, кеңістікті бағдарлауын қалыптастыру.
Ережесі: Балаларға белгілі бір бағыт беріледі немесе белгілер қойылады. Олар осы белгілерге сүйене отырып, дұрыс бағытты (жолды) табуы тиіс.

«Кім сені шақырды, тап»
Міндеті: Сөйлеуде дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуге, интонациялық мәнерлілікті қолдануға үйрету.
Ережесі: Бір баланың көзі жұмылады немесе теріс қарап тұрады. Басқа бір бала оның атын атап шақырады. Ортадағы бала дауысынан кімнің шақырғанын тануы керек.

«Қайтала»

Міндеті: Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды (ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h) дұрыс айтуға дағдыландыру.
Ережесі: Тәрбиеші қиын дыбыстары бар сөздерді айтады, балалар оны есту арқылы дәлме-дәл және таза дыбыстап қайталауы керек.

«Заттарды орналастыр»
Міндеті: Сөйлеуде белгілі бір заттың басқа затқа қатысты орнын (үстінде, астында, жанында т.б.) көрсете білуге үйрету.
Ережесі: Балаларға заттарды белгілі бір орындарға қою тапсырылады және олар қайда орналасқанын сөзбен сипаттап айтып беруі тиіс.

«Орналастыр»
Ережесі:
Балаларға қағаз бетінде әртүрлі заттар ұсынылады. Тәрбиешінің нұсқауы бойынша балалар заттарды оң жаққа, сол жаққа, жоғары немесе төмен орналастырады.

«Айырмашылығын тап»
Ойын ережесі:
Балаларға екі ұқсас сурет көрсетіледі. Олар суреттерді салыстырып, айырмашылықтарын табады. Әр тапқан айырмашылықты сөзбен айтып көрсетуі тиіс.

«Апта күндері»
Міндеті: Уақытты бағдарлау, апта күндерінің реттілігін есте сақтау.
Ережесі: Балалар апта күндерін ретімен атап, бүгін, кеше, ертең қай күн екенін сұрақ-жауап арқылы анықтайды.

2 апта
«Салыстыр» (немесе «Жиын»)
Міндеттері мен ережесі: Бүтін жиын мен оның бөліктері арасындағы байланысты орнату. Жиынның бөліктен үлкен, ал бөліктің жиыннан кіші екенін түсіндіру және заттарды бір-біріне қатынасы бойынша салыстыру.
Ойын барысы: Балаларға әртүрлі геометриялық пішіндер немесе ойыншықтар тобы беріледі. Олар заттарды түсіне, пішініне немесе көлеміне қарай топтап, қай топта заттың көп немесе аз екенін салыстырып айтады

«Телеграф»

Ойынның Міндеті: Балалардың сөздік қорын молайту, буынға бөлуге үйрету, есту қабілетін дамыту.
Ойынның шарты: ойын шартын еш өзгеріссіз бұзбай ойнау бірінін айтқакнын біріне толық дұрыс жеткізе білу.
Ойынның барысы: Біз қазір телеграф ойынын ойнаймыз. Менің айтқан сөздерімді басқа қалаға жеткізесіңдер. Ол үшін сендер бір қатарға тұрасыңадар. Бірінші тұрған бала Алматы, ең соңында тұрған бала Қарағанды каласы болады. Мен бірінші баланың құлағына сыбырлап бір сөз айтамын. Ал ол мен айтқан сөзді келесі балаға сыбырлайды? Сөйтіп, әр бала бұл сөзді келесі балаға жеткізіп отырады.

«Қай жыл мезгілі?»
Ережесі:
Тәрбиеші жыл мезгілдеріне қатысты суреттерді немесе сипаттамаларды ұсынады. Балалар қай жыл мезгілі екенін атап, оның белгілерін айтады. Дұрыс жауап берген балаға келесі сурет беріледі.

«Орналастыр»
Ережесі:
Балаларға қағаз бетінде әртүрлі заттар ұсынылады. Тәрбиешінің нұсқауы бойынша балалар заттарды оң жаққа, сол жаққа, жоғары немесе төмен орналастырады.

«Пішіндерді ажырат»
Міндеті: Геометриялық пішіндер туралы білімдерін тиянақтау.
Ережесі: Балалар берілген пішіндерді (шеңбер, шаршы, үшбұрыш т.б.) аты бойынша тауып, оларды топтастыруы қажет

«Заттарды (Сәйкес ұяшыққа) орналастыр»
Міндеті/Ережесі: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын (үстінде, астында, жанында т.б.) көрсете білуге үйрету.
Ойын барысы: Балаларға түрлі заттар мен ұяшықтар (немесе кеңістік үлгісі) беріледі. Тәрбиешінің нұсқауымен немесе суретке қарап, заттарды тиісті орындарына орналастырып, оның қайда тұрғанын сипаттап айтып

Запта

«Менің отбасым»
Міндеті/Ережесі: Туыстық байланыстарды (ата, әже, нағашы жұрты т.б.) түсіну және жеті атасын білу. Отбасы мүшелеріне қамқорлық жасауға, сыпайы сөйлеуге баулу.
Ойын барысы: Балалар отбасы мүшелерінің суреттерін немесе ойыншықтарды қолдана отырып, өз отбасы туралы әңгімелейді. Олар кімнің кім екенін, үй шаруасына қалай көмектесетінін және отбасындағы сыйластықты рөлдік ойын немесе әңгімелесу арқылы көрсетеді.

Қосымша ойын-жаттығулар:
«Кім не істейді?» – мамандық суреттерін сәйкестендіру және сипаттау.

«Дұрыс таңда» (Қауіпсіздік ойыны) – тәрбиеші айтқан жағдайға қарай балалар «Қауіпсіз» немесе «Қауіпті» деп белгіленген шеңберлерге жүгіріп баруы керек.

«Бұл қай кезде болады?» (үстеу)
Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізуді, монологты байланыстырып құруды, әңгімені бірізді айтуды және шағын логикалық хабарлау сипатындағы әңгімелер құрастыруды дамыту.

«Көліктер» (Арнайы көліктер)
Міндеті/Ережесі: Арнайы көлік құралдарының түрлерін (жүк, жолаушылар) және олардың атқаратын жұмысына қарай жабдықталуын түсіну.
Ойын барысы: Балаларға түрлі көліктердің суреттері немесе макеттері көрсетіледі. Олар көліктің қызметін (мысалы, өрт сөндіру, жедел жәрдем) анықтап, оның не үшін қажет екенін және қандай құралдары барын айтып сипаттайды.

«Оң және сол»
Ережесі:
Балалар дене мүшелері мен заттардың орналасуын пайдаланып, оң және сол бағыттарды ажыратады. Тәрбиешінің нұсқауын дәл орындауы қажет.

«Сөйлемді жалғастыр»
Ойынның шарты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін және тілін дамыту. Тәрбиеші сөйлемнің не басын, не аяғын айтады да, балаларға жалғастырып әкетуді ұсынады. Мысалы:

1. Беті-қолымды /жудым/. 2. Айнаға /қарадым/. 3. Шашымды/ тарадым/. 4. Тамақ /іштім/. 5. Ойыншықпен /ойнадым/. 6. Алақай, апам /келді/! 7. Кім /келді/? және т.б.

«Сипатта» (Суреттермен жұмыс/Әңгімелесу)
Міндеті/Ережесі: Негізгі ойды дұрыс жеткізу, монологты байланыстырып құра білу және логикалық сипаттағы әңгімелер құрастыру.
Ойын барысы: Балаға белгілі бір зат немесе көктем жыршылары (құстар) сияқты тақырыптық сурет беріледі. Бала суреттегі бейненің белгілерін, іс-әрекетін бірізділікпен сипаттап, шағын әңгіме құрастырады.

«Апта күндері»
Міндеті: Уақытты бағдарлау, апта күндерінің реттілігін есте сақтау.
Ережесі: Балалар апта күндерін ретімен атап, бүгін, кеше, ертең қай күн екенін сұрақ-жауап арқылы анықтайды.

«Жыл мезгілдерін орналастыр» (Бейнелеу іс-әрекеті шеңберінде)
Міндеті/Ережесі: Сюжеттердегі заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды және жыл мезгілдеріне тән ерекшеліктерді жеткізе білу.
Ойын барысы: Балаларға жыл мезгілдеріне тән нышандар (қар, гүл, сары жапырақ т.б.) беріледі. Олар бұл нышандарды тиісті мезгіл тұсына орналастырып, мезгілдердің ауысу ретін және әрқайсысының өзіндік ерекшелігін түсіндіреді.

«Санау» (Сандар/Математика негіздері)
Міндеті/Ережесі: «Бір» сөзінің мағынасын (жеке зат және жиынның бөлігі ретінде) түсіну және заттарды топтастыру.
Ойын барысы: Үстел үстіндегі «Сандар» ойыны арқылы балалар заттарды санайды, оларды топтарға (жиынға) бөледі. Зейінді және талдау жасау қабілетін қолданып, сандар мен заттардың санын сәйкестендіреді.

4 апта

«Бұл қай кезде болады?» (үстеу)
Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізуді, монологты байланыстырып құруды, әңгімені бірізді айтуды және шағын логикалық хабарлау сипатындағы әңгімелер құрастыруды дамыту.
«Заттар – өздері туралы не айтады?»
Балаларды заттардың түсін, нұсқасын, көлемін, қасиетін, атауын ажыратуға үйрету. Бақылаушылық түйсігін жетілдіру, заттардың тұтастығы мен бөліктерін көре білуді дамыту. «Заттар өздері туралы не айтады?» тақырыбында қысқаша әңгіме құра білуге балаларды жаттықтыру. Балаларды кедергі жасамай бір – бірін тыңдауға, кейде достарының әңгімесін толықтыруға дамыту
«Заттар әлеміне саяхат»
Міндеті: топ бөлмесіндегі көптеген әр – түрлі заттарға балалардың назарын аудару. Олардың нақты атаулары мен қасиеттерін балалар біледі ме, жоқ па соны тексеру. Балаларға түрлі жағдайларда және күнделікті өмірде оларды дұрыс пайдалануға дамыту.
Ойын ережесі: Үлкен саяхатшының нұсқауларын орындау. Заттарды көрсете білу және барлығын көрінетіндей, естілетіндей етіп атын атау. Заттардың ерекшелігі
жөнінде және оны қолдану ережесін айту. Қиналған кезде бір – біріне көмектесу.
«Жиын» ойыны
Міндеті: «Бір» сөзінің мағынасын, оның тек бір затты ғана емес, сонымен қатар жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сондай-ақ, жиынды сапасы бойынша (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы) әртүрлі элементтерден құруды, оларды бөліктерге бөлуді және қайта біріктіруді үйрету.

5 апта

«Лото» (Үстел үсті ойыны)
Міндеті/Ережесі: Балалардың ойлау және есте сақтау қабілетін дамыту.
Ойын барысы: Балаларға үлкен карталар мен кішкентай суретті карточкалар таратылады. Жүргізуші суретті атағанда, балалар өз карталарындағы сәйкес суретті тауып, бетін жабады. Картасын бірінші толтырған бала жеңімпаз атанады.

«Сөзді тап» (Сөзді есіңе сақта/Сөз және оның мағынасы)
Міндеті/Ережесі: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру және сөздің мағынасына қызығушылықты ояту.
Ойын барысы: Тәрбиеші белгілі бір сөзді немесе оның сипаттамасын айтады (мысалы, «көктем жыршысы»), ал балалар сол сипаттамаға сәйкес келетін сөзді табуы керек. Сондай-ақ, жасырылған сөздерді еске сақтап, қайталау тапсырмалары орындалады.

«Жиын» ойыны
Міндеті: «Бір» сөзінің мағынасын, оның тек бір затты ғана емес, сонымен қатар жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сондай-ақ, жиынды сапасы бойынша (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы) әртүрлі элементтерден құруды, оларды бөліктерге бөлуді және қайта біріктіруді үйрету
Геометриялық пішіндер»:
Міндеті: Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды дамыту.

Барысы/Ережесі: Күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеп, алдына қойылған міндетті шешу үшін не істеу және қалай істеу керек екенін түсінуі қажет.

«Ретімен орналастыр»
Міндеті/Ережесі: Заттарды шамасына қарай өсу немесе кему ретімен орналастыруға үйрету.
Ойын барысы: Балаға өлшемдері әртүрлі бірнеше заттар (мысалы, қуыршақтар, таяқшалар немесе пішіндер) беріледі. Бала оларды ең кішісінен үлкеніне қарай немесе керісінше қатарға тізіп шығуы тиіс.

Саусак жаттығулары:

«Кім келді?»
Қане, қане кім келді? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын созады)
Біз, біз, біз! (екі қолдағы бас бармақтарды қосып ұстап, қалған саусақ үштарын бір мезгілде соғады)
Апа, апа, бұл сіз бе? (екі қолының бас бармақтарының ұштарын созады)
Иә, иә, иә! (сұқ саусақтарының ұштарын соғады)
Әке, әке, бұл сіз бе? (екі қолдарының бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (ортаңғы саусақтардың ұштарын соғады)
Ағатайым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (аты жоқ саусақтардың (шылдыр шүмек) ұштарын соғады)
Қарындасым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (кішкене саусақтардың ұштарын соғады)
Біздер тату жанұя (барлық саусақтардың ұшымен бірге соғады)
Иә, иә, иә! (алақандарымен шапалақтайды)

«Сөздер»
1-2 деп санаймыз (саусақтарды біріктіріп бүгіп санаймыз, кері ашып санайды)
Әріптен сөз құрамыз (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақанына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді («күн» жасайды)
Күн – шуақты сөз екен (бас бармақ, ортаңғы терек, аты жоқ саусақтарды біріктіре ұстайды, сұқ саусақ пен кішкентай саусақты сәл бүге «құлақ» жасайды)
Мысық-құлақты сөз екен (сұқ саусақ пен кішкентай саусақты тік ұстайды «мұйіз» жасайды. Бас бармақ, ортаңғы саусақ, аты жоқ саусақтар біріктіріле бүгіледі)
Сиыр-мүйізді сөз екен (екі қолдың барлық саусақтарының ұштарын біріктіріп үлкен «қарбыз» жасайды)
Қарбыз-жолақты сөз екен

«Шаян мен масық»
Тасасында көпірдің (сол қолды шынтақтан бүге, алақандарды төмен қарата алдына ұстап «көпір жасайды». «көпірдің астына оң қол саусақтарын төмен қарата ұстай «көп аяқты шаян сияқты» жыбырлатады)

Кәрі шаян тұрыпты (алға созылған оң қолдың үстімен иықтан төмен қарай сол қолдың 2-ші және 3-ші саусақтарын жүгіртеді)
Көпірден өткен мысықтың (иықтан төмен «жүгірген» саусақтар қолдың басына келгенде саусақты оң қолдың жұдырығында қысып ұстап қалады)
Құйрығынан жұлыпты (сол қолдың кішкентай саусағы оң қолдың жұдырығында қысылған күйі 2-ші, 3-ші, 4-ші саусақтарды бас бармақпен біресе біріктіре, біресе қайта ашып мияулаған мысықтың аузын бейнелейді)
«Құтқарыңдар, (сол қолдың кішкентай саусағын қыса ұстаған оң қолдың саусақтарын біртіндеп ашады)
Мяу-мяу-мяу! (екі қолды бірінің үстіне бірін қоя екі қолдағы барлық саусақтарды тез-тез «жүгіртеді)
Босатыңдар шаяннан!» (сөздің айтылу ырғағына сәйкес алақандарын шапалақтайды, соңғы сөзге аяқтарын топылдатады)
Қане, кім бар келіңдер!
Мысыққа көмек беріңдер!

Музыкалық ойындар:

«Көңілді – мұңды» ойыны
(Балаларды белсендіБалалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке орындауға үйрету үшін)
Ойын материалы: Төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян. Осы кейіпкерлердің суреттері салынған бірнеше кішкентай карточкалар.
Ойын барысы: Музыкалық жетекші әртүрлі әуендерді орындайды Балалар әуенді тыңдайды да сәйкес карточканы көрсетеді.
Көңілді
Жылқы жағалауда жүр екен
Жасыл желек үстінде.
Ол басын шұлғып,
Қара жалың желпілдетіп,
Алтын жүгенін сылдырлатып
Сыңғыр, сыңғыр ете
Тағып алған қоңыраулары,
Жорғалап ол жүреді

Мұңды
Мұңды көңілсіз жануарлар,
Олар ауырып қалған шығар.
Қоянның аяғы ауырып тұр,
Тұнжырап мұңайып тұр.
Сондықтанда олар,
Иттің басы ауырып тұр

«Үнінен таны»
Ойын материалы: Дабыл, сылдырмақ, үскірік, кселафон, керме (ширма)

Ойын барысы.
Музыка! Музыка!
Бұл не екен өзі?
Мүмкін бұл,
Көгілдір аспан шығар!
Мүмкін бұл,
Таңғы арай шығар?
Ал, мүмкін, музыка –
Тек қана дыбыстар шығар!

Музыкалық жетекші аспаптардың бірімен ойнайды. Балалар тыңдайды және музыкалық аспаптың атын атайды. Осыдан кейін атауын тапқан музыкалық аспаптарда өз бетімен ойнайды.

«Музыкалық сағат»
Ойын материалы: Қатты картоннан істелінген сағат.
Ойын барысы: Музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағат тілімен көрсетуді ұсынады. «Жасыл шырша», «Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр» «Сылдырмақ». Әннің басын тыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойын сағаттағы суреттерді айналып келгенше жалғасады.

«Көңілді паровоз»
Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған паровоз және аңдар.
Ойын барыс: »Көңілді паровоз» әдістемелік үстелге балалар жаққа қаратылып қойылады. Музыкалық жетекші балаларға бос терезелерге назар аударта отырып, паровоз бен оның вагондарын қарап шығуды ұсынады.
Одан әрі қарай паровозға машинашы мен жолаушылар қажет болғандықтан, оның ұзақ жолға шыға алмай тұрғанын хабарлайды. Ал вагондағы орындарға кім отыратындығын анықтауға музыка көмектеседі. Музыка жетекшісі «Қорбаңбай аю» пьесасын тыңдауды және оның атауын еске түсіруді ұсынады. Балалар пьесаның атауын табады, сөйтіп «Аш қасқыр», «Айлакер түлкі», «Көңілді қояндар».

«Музыкадағы үш кит»
Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған үш кит.
Ойын барысы: Ойын музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту үшін таныс материалдармен өткізіледі. Балалар үш шеңбер жасап тұрады, ортасында қолына «кит» ұстаған бала тұрады. «Марш» әуені ойнағанда кит – марш шеңберінде тұрған балалар марштайды. Ал «полька» әуені ойнағанда кит – биі, «Достық» әні ойнағанда кит – ән шеңберінде тұрған балалар әндетеді. Музыка жетекшісі музыкалық материалды өз қалауы мен тақырыпты бекіту қажеттілігіне байланысты таңдайды.

«Музыкалық моншақтар»

Ойын материалы: Түрлі – түсті картоннан жасалынған моншақтар.
Ойын барысы: Ойын балаларды қысқа және ұзақ дыбыстармен таныстыру үшін қолданылады. Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.

«Музыкалық үйшік»
Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған үйшік және сол әйнектердің көлеміне сәйкес әртүрлі муз аспаптардың суреттері.
Ойын барысы: Музыка жетекшісі балаларға үйшікті көрсетеді. Ол үйшіктің ішінде әртүрлі аспаптарда ойнайтын, көңілді музыканттардың тұратынын айтады. Егер мұқият тыңдасақ, олардың әрқайсысының қандай музыкалық аспаптарда ойнайтынын білетін боламыз. Музыка жетекшісі балаларға таныс әнді әртүрлі музыкалық аспаптарда ойнап айтып береді. Балаларға ол аспаптарды көрсетпеу керек. Тапсырма жүктелген бала, қандай инструмент екенін тауып карточкалардың арасынан сол инструменттің суретін алып үишіктің әйнегіне апарып жабыстырады.

«Өз аспабыңды тап»
Ойын материалы: Музыкалық аспаптардың суреттері бейнеленген түссіз карточкалар және түрлі түсті төртке бөлінген үш карта, және балаларға арналған муз аспаптар, ширма.
Ойын барысы: Ойынға бір жүргізуші, екі бала қажет. Жүргізуші ширманың артындағы аспаптардың жанына төртке бөлінген түсті картаны қояды, ал түссіз картаны ойнайтын балаларға таратып береді. Балаларға аспаптардың дауысын тағыда біррет тыңдатып, өлең айта бастайды солай ойын басталады. Жүргізуші суреттің бір бөлігін көтеріп сол аспапта ойнап мен қандай аспапта ойнадым деп сұрайды. Дұрыс жауап берген балаға түсті картаның бір бөлігін беріліп ол карта түссіз картаның үстіне қойылады. Ойын карта жабылғанша жалғаса береді.

Тәжірибе
Тәжірибе: Құм қасиеттері
Міндеті: Балаларды құмның қасиеттерімен (сусымалылығы, ылғалдылығы, түсі) таныстыру.
Құралдар: Құрғақ құм, су, ыдыстар, қалыптар (формочкалар).
Барысы:
1. **Құрғақ құм:** Балаларға құрғақ құмды қолмен ұстатып, оның сусымалы екенін, саусақ арасынан ағып кететінін көрсету.
2. **Ылғалды құм:** Құмға су құйып, оның түсі қарайғанын және жабысқақ болғанын байқау.
3. **Құрастыру:** Ылғалды құмнан әртүрлі пішіндер жасап, оның форманы сақтайтынын дәлелдеу.
4. **Қорытынды:** Құрғақ құм сусымалы болады, ал ылғалды құмнан кез келген фигураны мүсіндеуге болады.

Ағашты зерттеу (бақылау және тәжірибе):
Міндеті: Балалардың назарын аққайыңға аудару. Көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, ағаштарда шырындық қозғалыс болатынын түсіндіру.
Тәжірибе мен сараптама: Шырын бөліп тұрған ағашты тауып, бақылау жүргізіледі.
Қорытынды: Ағаш қабығының астынан мөлдір, дәмі тәтті сұйық бөлінеді; ол ауада тотығып, қызғылт түске енеді.
Болжам: Егер аққайыңнан шырын мол бөлінсе, жаз жаңбырлы болады.

Бұлт жасаймыз (Зерттеу іс-әрекеті):
Міндеті: Балаларға бұлттың қалай пайда болатынын көрсету және табиғат құбылыстарына қызығушылығын арттыру.
Барысы: Үш литрлік банкіге ыстық су (шамамен 2,5-3 см) құйылады.
Банкінің аузын пісірме табақпен (немесе қақпақпен) жауып, үстіне мұз кесектерін қояды.
Банкі ішіндегі жылы ауа жоғары көтеріліп, мұз салқындатқан қақпаққа тигенде су буы суып, кішкентай су тамшыларына — «бұлтқа» айналады.
Бұл процесс табиғаттағы күн сәулесінен судың буланып, жоғарыда салқын ауамен кездескенде бұлт түзілуін бейнелейді.

Мұздақ қайдан пайда болды? (Тәжірибе):
Міндеті: Мұздақтың (сосульки) түзілу жолын және оның физикалық қасиетін түсіндіру.
Барысы:
Күн шуақты күні шатырдың күн түсетін жағын және көлеңке жағын бақылайды.
Күн көзінде қар еріп, су төмен қарай ағады, бірақ көлеңкеге немесе салқын ауаға жеткенде қайта қатып, мұздаққа айналады.
Тәжірибе: Түрлі түсті бояу қосылған суды тамызып, мұздақтың қалай өсетінін немесе қалай тез еритінін бақылауға болады.
Қорытынды: Мұздақ — бұл еріген қар суының суық ауа әсерінен қайта қатып қалған түрі.

«Судың қасиеттері»
Барысы: Балаларға су құйылған стақандар беріледі. Судың мөлдірлігін (ішіне зат салу арқылы), дәмін және иісін тексеріп көреді. Судың түссіз, иіссіз екеніне көз жеткізеді
Міндеті: Зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді және қорытынды жасауды дамыту.

Тәжірибе: «Ауаны зерттеу»
Барысы: Полиэтилен пакеттерді ауамен толтырып, ауаның бар екенін, оның көрінбейтінін, бірақ орын алатынын бақылайды. Желпуішпен желпіну арқылы ауа қозғалысын сезінеді.
Міндеті: Себеп-салдарлық байланыстарды орнату және танымдық белсенділікті арттыру.

Тәжірибе: «Мұзды зерттеу» (пысықтау)
Барысы: Мұз кесектерін алақанға салып, оның жылудан еритінін, суға айналатынын және мұздың судан жеңіл екенін (су бетінде қалқуын) бақылайды.
Міндеті: Зерттеу іс-әрекеті арқылы талдау жасай білуді дамыту.

Жарықпен және көлеңкемен ойындар: «Кімнің көлеңкесі қызықты»
Барысы: Прожектор немесе шам жарығын пайдаланып, қолмен немесе ойыншықтармен түрлі бейнелер жасап, олардың қабырғадағы көлеңкесін бақылайды. Жарық көзіне жақындағанда көлеңкенің үлкейетінін көреді.
Міндеті: Қызығушылықтарын арттыру және танымдық іс-әрекетті дамыту.

Ауа шарын оған зиянының тигізіп алмай қалай жаруға болады?
Егер де әуе түйіршікті тессек онда бала оның жарылатынын біледі. Түйіршіктің (шардың) екі жағына кішкене скотч жабыстырыңыз. Енді сіз шарды скотч арқылы оған ешқандай зиянын тигізбей жара аласыз.

Ұлттық ойындар:

«Жүзік жасырмақ»
Міндеті: Балалардың байқағыштығын, тапқырлығын және зейінін дамыту.
Барысы: Балалар жарты шеңбер құрып, алақандарын біріктіріп отырады. Бастаушы жүзікті (немесе кішкентай затты) алақанына салып, әр баланың алақанына салған болып шығады. Бір балаға сездірмей тастап кетеді де: «Жүзігімді тап!» – дейді. Іздеуші бала жүзіктің кімде екенін табуы керек. Тапса, жүзік иесімен орын ауыстырады.

Әткеншек
Ойын ережесі: Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші балаларға ұшы түйілген жіп береді. Балалар оң қолдарымен жіптен үстап, солға бұрылады да, мына тақпақты айтады:
Әрең-әрең әлдиледі,
Әткеншегім ән-билерін.
Тербеткенде ойнадым ғой,
Жүгіруді қоймадым ғой.
Балалар текстке сәйкес шеңбер жасап жүреді: алдымен жайлап, содан соң тезірек, ал соңында жүгіреді. Тәрбиеші балалар жүгірген кезде «Жү-гі-ре-міз, жү-гі-ре-міз» деген сөзді айтады.
Балалар шеңбердің бойымен екі рет жүгіріп шыққаннан кейін, тәрбиеші қимыл бағытын өзгертіп: «Бұрылыңдар», - дейді. Ойнаушылар шыр айналып, сол қолдарымен жіпті тез ұстайды да, екінші жаққа жүгіреді.
Содан соң тәрбиеші балалармен бірге қарай жалғастырады:

«Соқыр теке»
Міндеті: Ептілікке, сезімталдыққа тәрбиелеу, кеңістікті бағдарлауды дамыту.
Барысы: Ортаға бір бала шығады, оның көзін орамалмен байлап қояды. Қалған балалар айнала жүріп, «соқыр текені» түрткілеп немесе дыбыс шығарып мазалайды. «Соқыр теке» дыбыс шыққан жаққа бағытталып, қашып жүрген балалардың бірін ұстап алуы керек. Кім ұсталса, сол келесі «соқыр теке» болады.

«Теңге алу»
Міндеті: Ептілік пен жылдамдықты дамыту.
Ережесі: Жерге бірнеше жерден «теңгелер» (тастар немесе қағаздар) қойылады. Ойыншы «атпен» (таяқпен немесе жүгіріп) шауып келе жатып, еңкейіп жердегі теңгені тоқтамай іліп алуы керек. Кім көп теңге жинаса, сол жеңімпаз атанады.

«Айгөлек»
Міндеті: Балаларды ұйымшылдыққа, батылдыққа баулу, ереже сақтауды үйрету.
Барысы: Балалар тең екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қол ұстасып тұрады. Бірінші топ: «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек. Темір шынжыр үзетін, бізден сізге кім керек?» – деп сұрайды. Екінші топ бір баланың атын атайды. Сол бала жүгіріп келіп, қарсы топтың ұстасып тұрған қолын үзіп өтуі керек. Үзіп өтсе, сол топтан бір баланы өз тобына алып кетеді, үзе алмаса, өзі сол топта қалады.

«Аударыспақ» (балаларға арналған нұсқасы)
Міндеті: Балалардың күш-қуатын, төзімділігін және тепе-теңдік сақтау қабілетін арттыру.
Барысы: Екі бала ортаға шығады (балабақшада бұл ойын көбіне жерде отырып немесе «ат» болып ойнаған құрдастарының үстінде отырып ойналады). Олар бір-бірінің қолынан ұстап, тартысу арқылы қарсыласын орнынан қозғалтуы немесе белгіленген шеңберден шығаруы керек. Тек қолмен тартуға рұқсат етіледі, итеруге болмайды.

«Асық ойыны» (Ханталапай)
Ережесі: Ортаға көп асық шашылады. Асықтардың ішіндегі ерекше боялған «Хан» асығын табу керек.
Барысы: Тәрбиеші «Ханталапай!» деп айтқанда, балалар ортадағы асықтарды тез жинап алуы тиіс. Кімнің қолына «Хан» асығы түссе, сол жеңімпаз атанады. Сондай-ақ, асықты бүге, шіге, тәйке, алшы деп атап, дұрыс қоюды үйренеді.

«Бестемше» ойыны
Міндеті: Балаларды санауға, ойлауға, тапқырлыққа баулу; ойын ережесін сақтай отырып, қарсыласын сыйлауға үйрету.
Ойын құралдары: Арнайы бес-бестен 10 ұясы (отауы) бар тақта және әр ұяға салынатын бес-бестен құмалақ (барлығы 50 құмалақ).
Ойын ережесі мен барысы:

1. **Басталуы:** Ойынға екі бала қатысады. Тақтаның бір жағындағы 5 ұя — бір баланікі, екінші жағындағы 5 ұя — екінші баланікі. Ойын басында әр ұяда 5 құмалақтан болады.
2. **Жүріс жасау:** Ойынды бастайтын бала өз ұяларының біреуін таңдап, ішіндегі құмалақтарды алып, солдан оңға қарай әр ұяға бір-бірден салып шығады.

Маңызды ереже: Егер ұяда бір ғана құмалақ болса, ол келесі ұяға салынады. Егер бірнешеу болса, бірінші құмалақ алынған ұяның өзінде қалуы керек (бірақ балаларға арналған жеңіл нұсқада бәрін таратып салуға да болады).

3. **Ұту (Құмалақты алу):** Баланың соңғы құмалағы қарсыласының ұясына түсіп, ондағы құмалақтар санын **жұп** қылса (2, 4, 6, 8, 10), сол ұядағы барлық құмалақты өзіне алып, «қазанға» салады.
4. **Тұздық:** «Бестемшеде» (тоғызқұмалақтан айырмашылығы) әдетте тұздық ережесі қолданылмайды, тек құмалақтарды жұп қылып ұтуға негізделеді.
5. **Ойынның аяқталуы:** Қай баланың ұяларында құмалақ таусылып қалса (атсыз қалу), сол бала жеңіледі немесе ойын соңында «қазанында» құмалағы көп бала жеңімпаз атанады.

«Бес асық»
І кезең: "Бірлік" (Жинау)
Бала бес асықты жерге шашады. Ішіндегі біреуін "хан" (бас асық) ретінде қолына алады.

1. "Ханды" жоғары лақтырады.
2. Ол асық қайтып түскенше, жердегі бір асықты алып үлгеруі керек.
3. Осылайша 4 асықты бір-бірлеп жинайды.

II кезең: "Қос-қостан"

Бұл кезеңде бала асықтарды екі-екіден жинап үйренеді.

- Жоғары лақтырылған асық жерге түскенше, жерден екі асықты бірге іліп алуы тиіс.

III кезең: "Сарт-сұрт" (Асық соғыстыру)

Бұл баланың ептілігін арттырады:

- Қолындағы асықты жоғары лақтырып, ол қайтып түскенше жердегі асықты қолына алып, лақтырылған асықты қайта қағып алады. Осы кезде асықтар бір-біріне соғылып, "сарт" еткен дыбыс шығуы керек.

3. Ойын ережесі (Неге болмайды?)

5-6 жастағы балаларға мынадай қарапайым шектеулер қойылады:

- **"Сыңар" болмасын:** Жердегі асықты алғанда, қасындағы басқа асықтарға қол тиіп кетпеуі керек.
- **Түсіріп алма:** Лақтырылған асықты жерге түсіріп алса, кезек келесі балаға беріледі.
- **Қолды алма:** Асықты алып жатқанда қолды жерден ерте көтеріп кетпеу керек.
-

«Бәйге»

Бұл ойын балабақша жағдайында атпен емес, **жүгіру** немесе **«атқа міну» (таяқшамен)** түрінде өткізіледі.

Ойын барысы: Балалар сөре сызығына тұрады. Белгі берілгенде, олар белгіленген мәреге дейін жүгіруі керек.

Ережесі:

Белгі берілмей тұрып жүгіруге болмайды.

Бір-бірін итермей, өз жолымен жүгіруі тиіс.

Мәреге бірінші жеткен бала жеңімпаз атанады.

«Сақина тастау»

Міндеті: Шапшаңдыққа, байқампаздыққа баулу.

Ережесі: Ойыншылар шеңбер құрып отырады немесе тұрады, қолдарын алға созып, алақандарын біріктіреді. Бастаушы сақинаны (немесе тиынды) алақанына жасырып, әр ойыншының қолының арасынан жүріп өтеді. Ол білдіртпей бір ойыншының қолына сақинаны тастап кетеді. Содан соң: «Сақинам, сақинам, шық!» — дейді. Сақинасы бар бала тез жүгіріп шығуы керек, ал қасындағылар оны ұстап қалуға тырысады